

"Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Жоғары Сот Кеңесі, сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын және "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2015 жылғы 26 желтоқсандағы № 150-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Жоғары Сот Кеңесі, сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын және "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2015 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 150-ө өкімімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Жоғары Сот Кеңесі, сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын және "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі	Жауапты тұлға
1	2	3	4	5	6

1	Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесінің қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	ПӘ (келісім бойынша)	2015 жылғы желтоқсан	І.С. Испанов
2	Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот аппараты) туралы ережені бекіту туралы" 2010 жылғы 3 қарашадағы № 1093 және "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген ережелерді бекіту туралы" 2001 жылғы 26 маусымдағы № 643 жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	ЖС (келісім бойынша)	2015 жылғы желтоқсан	І.С. Испанов
3	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясын құру туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	ЖС (келісім бойынша)	2015 жылғы желтоқсан	І.С. Испанов
4	Полиграфологиялық зерттеуден өту қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЖСК (келісім бойынша)	2016 жылғы ақпан	А.С. Смолин

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы

ПӘ - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі

ЖСК - Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі

ЖС - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты